

өткөн түркологдордун форуму казак-кыргыз илиминин калыптанышына жол ачкан алгачкы эл аралык чоң жыйын катары тарыхта калганы менен, ага катышкан А.Байтурсунов жана Э.Арабаев сыяктуу илимпоздордун эмгеги казак-кыргыз илиминин пайдубалын ошол кыйын мезгилде түптөгөн кашгөй эмгектеринен кабар берет.

Казак-кыргыз маданиятын кетеріічі «Талап» коому 1922-жылдагы казак-кыргыз интеллигенциясынын кызматташтыгы жана боордоштук мамилелери менен тізілген, тарыхта барандуу оордуу бар эн жигердуу жана чон миссияны аткарган коом болгондугу тарыхчылар тарабынан тастыкталып келет. ХХ кылымдын башындагы кыргыз-казак интеллигенциясынын байланыштары эки элдин ортосундагы бир туугандык мамилелерди тарыхтан алган таалим аркылуу дагы бекемдетет деген ойдомун.

КОЛДОНУЛГАН АДАБИЯТТАР:

1. Абдырахманов Т.А., Кубатова А.Э., Байдилдеев Ж.Р., Эки доор инсаны Эшенаалы Арабаев. – Нур-Султан, 2022. – 170-б.
2. Жанпейисов Е.Н. Улут ар-намысы // Казак адабияты. 2013. №8, 14-март
3. Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана (1900-1960 гг.). – Алматы, 1997. – 57-б.
4. Казак, кыргыз илимпоздорунун тунгуч съезди. – Оренбург: Киргосиздат, 1925. – 117-б. Китепте: Ишенаалы Арабаев. Туулган күнүнүн 110 жылдыгына арналган жыйнак. – Бишкек, 1993.– 16-17-б.
5. Казак билимпоздорунун тунгуч сиези. -Нур-Султан. 2022. 3-бет.
6. Эсенгулова М. Просветительская деятельность и педагогическое наследие Эшенаалы Арабаева. канд.диссертациянын колжазмасы. – Бишкек, 2005. – 49-б.
7. КР БМ КСДА, Ф.10. оп.1.д.2.л.37.

ҰЛЫ ДАЛА ЕСІМДЕРІ ТІЗБЕСІНДЕГІ ҚАНЖЫҒАЛЫ ҚАРТ БӨГЕНБАЙ БАТЫР ТҰЛҒАСЫ

Шашаев Ә.Қ.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
7 томдық Қазақстан тарихы академиялық басылымын Үйлестіру
орталығының директоры, т.ғ.к.

Бөгенбай батыр XVIII ғасырдағы қазақ қолбасшылары ішіндегі ең беделді, ірілерінің бірі, Абылай хан дәуіріндегі атағы жайылған қолбасшы, батыр. Бөгенбай Ақшаұлы, қазақ жауынгерлері арасында қолбасшылық қабілетімен үлкен құрметке бөленіп, халық арасында Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр атанған. Бөгенбай Ақшаұлы, Қанжығалы Бөгенбай, кейбір деректерге Бөгенбай, 1690 ж. Қаратау бөктеріндегі Бөген өзенінің бойы - 1775 ж., кейбір деректерде 1776, 1778 ж. ж. Ақмола облысы Ерейментау ауданында Қоржынкөл көлінің маңында өмір сүрген.

Абылай хан тұсындағы батыр, атақты қолбасшы. Ұлы атасы Әлдеуін Еңсегей бойлы Есім ханның атақты батырларының бірі болған. Әлдеуін баласы Ақша батыр Тәуке ханның 80 мыңдай қолын бастаған сардар.

Бөгенбайдың әкесі Ақша өз ортасында беделді болған және аз ғана әскери жасақпен, ұрыс алаңы ерекшеліктерін ескере отырып, соғыс жүргізу тәсілінің бүге-шігесін меңгерген батыр еді. Сонымен қатар, «қара жұмыстанда» қашпайтын – қылыш пен қанжарды жасайтын темір ұстасы да болған, тағы бір қыры оның суырып-салма ақындығы еді. XVIII ғасырдың ұлы жырауының бірі Үмбетей:

Алатаудай Ақшадан,
Асып тудың, Бөгенбай!
Болмашыдай анадан
Болат тудың Бөгенбай! – деп жырлаған.

Міне әкесінің осындай қасиеттерін Бөгенбай өз бойына сіңіре білді. Өзінің шешендігімен ауылдастарын ұйытып, қару жарақты қалай пайдалану тәсілдерін үйретумен болды. Бөгенбай жас кезінде, 1697-1707 жылдары Түркістандағы Өз Тәукенің балаларымен хан ордасында тәрбиеленді, орда қызметкерлерінің балалары білім алатын Қарнак медресесінде оқыды. Бөгенбайдың жас кезінде ғылымға бейімділігі, тақуалығы жөнінде шежірелерде айтылады. Ер жетіп есейген шағында, ауылдарды аралап, руаралық кикілжіндерді шешуге араласып, билер құрылтайларына қатысты. Аяқ астынан болған жау шабуылдарына тойтарыс беру үшін сарбаздар жасағын басқаруға да тура келген. Біртіндеп Бөгенбай айналасына туған бауырлары – Көлбай, Маймасары, Таймасары және жақын туыстары – Атан, Жантай, Досай, Томаш, Үмбетей ақын топтаса бастады. Кейіннен бұлар ел ішінде «қанжығалының қырық батыры» дегендердің негізгі ұйтқысы болды.

1708 жылы жаз айында Түркістан қаласында хан ордасында өткен жиынның шешімімен Бөгенбай жиырма мың әскерді бастаған Өз Тәуке ханның жанында бапкұрт халқының Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы көтерілісін қолдауға атанды. Қазақтың сол кездегі ең таңдаулы әскербасылары, сұлтандары қатысқан бұл ұлы жорық туралы Үмбетей жырау толғауларында айтылады:

Жапырағы жатқан түйе таптырмас,
Балығы мол суға жылқы жаптырмас,
Балдырғаны білектей,
Бүлдіргені бүйректей,
Бөденесі үйректей,
Шортаны тайдай тулаған,
Маралы қойдай шулаған,
Ұзыны шексіз, ені алыс
Еділден өттің Бөгенбай!

Еділді жас күнінде асып келген Бөгенбай осы жорықтан кейін «Үкі батыр» атанды. «Алғашқы жорығы еді» деп ырымдаған шешелері жас

батырдың дулығасына бір шоқ үкі бекітіп жіберіп еді. Бөгенбай батыр 1708 ж. Әз Тәукенің бұйрығымен 20 мың жасақты бастап, қазақ елінің берекесін ала бастаған қазақ-орыстарды түре қуып, Еділден әрі асырып тастағаны туралы деректер бар.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы жазба дерек көздерінде Қанжығалы қарт Бөгенбай есімі аталмайды. Тарихта үш Бөгенбай бар: Кіші жүз, жетіру, табыннан шыққан Бөкенбай Қарабатырұлы (1710 жылы Арал маңы, Қаракұмдағы құрылтайда сөз сөйлеген, елді жігерлендірген) және шақшақ арғын Бөгенбай Бесқұртқаұлы (1700-1759) мүлдем басқа адамдар. Тарихи деректерде, еңбектерде бұларды орта жүздің арғын тайпасының қанжығалы руынан шыққан Бөгембай Ақшаұлы есімімен шатастырады (мыс.: Гавердовский Я.П. Обозрение киргиз-кайсацкой степи...) [1]. Бес томдық көне заманнан бүгінге дейінгі Қазақстан тарихының 3 томында: «Жоңғарларға қарсы соғыста халық арасынан қолбасшылар-батырлардың аса көрнекті өкілдері шоғыры өсіп шықты олар: Кіші жүзден, жетіру тармағының табын руынан Бөкенбай, Орта жүздің арғын тармағының қанжығалы руынан Бөгенбай, Қабанбай және т.б.» [2], деп Қанжығалы Бөгенбайды бөлек көрсеткен. Жоңғарларға қарсы соққы беруді көздеген қазақтар 1710 жылы Қаракұм құрылтайына жиналғаны белгілі. Құрылтайға қатысушылар Бөгенбай батырды әскербасы сайлап, бүкіл халықтық әскер құруға шешім қабылдайды [3].

1721-1722 жылдары Ресей мен қазақ хандығының арақатынастары шиеленісіп кетті. Ресей шекарасындағы ең қауіпті жағдайлар Ертістің орта тұсында пайда болды. Қазақ жауынгерлері Өскемен бекінісінен бастап Тобольскіге дейінгі аймақтағы орыстың ішкі қозғалысын тоқтатып тастады. Әсіресе қиындық Тобольскі губерниясында болған. Солтүстік шекарадағы соғыс қимылдарын тек 1723 жылы басталған «Ақтабан шұбырынды» оқиғасы тоқтатты. 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» басталды. Бөгенбай батыр ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі болды [4].

1724 жылы Бөгенбай батыр бастаған қазақ батырлары Жайық қалмақтарын одан әрі тықсырумен болды. 1724 жылы қазақтардың шабуылына ұшыраған Доржы Назаров Ресей патшасынан Саратов жаққа қарай көшуге рұқсат сұрады.

1724 жылы Әбілқайыр ханмен бірге Бөгенбай батыр Түркістанды қалмақ қолынан қайтарып алды. Сол кезде Бұхара хандығында орыстың елшілігінде жүрген италиялық Флоро Беневени өзінің 1725 жылдың 15 қаңтарында Мәскеуге жазған хабарында: «Шуно-Лаузан Әбілхайырмен соғыста қазақтардың 12 ұлысын қол астына қаратып, Түркістан қаласын басып алды. Әбілқайыр күш жинап, аз уақыттың ішінде Түркістан қаласын өзіне қайтарып алды» [5], дейді. Бірақ Түркістанды алғанымен, Әбілқайыр мен Бөгенбайдың оны ұстап отыруға күші аз еді. Бұрынғы заманда гүлдеп, көркейіп тұратын қалалық өңір жоңғар шапқыншылығы кезінде әбден тозып кетті. Бұл жағдай Әбілқайыр ханға да, Бөгенбайға да ауыр әсер етті. Екеуі де

өз жастық шақтарын осы өңірде өткізіп, азамат болып атқа мініп еді. 1725 жылдың көктемінде Қоңтайшы тағы да Түркістанға қарсы әскер дайындап, жабдықтап жатыр деген хабарды естіп, хан Әмудария бойына, Сырдың төменгі атырауына жинақталған кіші жүз еліне, ал Бөгенбай Сарыарқаға орта жүз еліне қарай ат басын бұрды.

1724 жылы Бөгенбай батыр Төле би және Бұқар жыраумен бірге Қанішер Абылайдың немересі, Көркем Уәлидің баласы, Үргеніштен келген 12 жасар Әбілмансұрға қамқорлық жасағаны белгілі. 1726 жылдың мамыр айының басында Бөгенбай бастаған қазақ батырлары Ұлытау аймағын көздеп шыққан Шуно-Добо бастаған қалмақ әскеріне соққы берді. Екі жақ әскер Шұбартеңіз жағасында түйісті де, бірден соғысқа еніп кетті.

1727 жылдың жаз айында қалмақ-қазақ арасындағы ірі соғыстардың бірі «Бұланты-Білеуті шайқасына» басшылық жасады. Бұл соғыс тек қана адам шығыны көптігінен ғана емес, екі елдің болашақ қарым-қатынасына, қазақтың азаттық күресіне шешуші қызметімен белгілі. Қазақ халқының батыры мен биі бардың басын қосып, халық бірікпей тірлік болмайтынын түсінген тұста Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел 1726 жылдың ақырында, 1727 жылы жауға қарсы майдан ашып, Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында жоңғарларға тойтарыс береді. Сөйтіп, 1727 жылы қазақтар Қаратауды жаудан қайтарып алса, Аңырақай шайқасында да жеңіске жетеді. 1729 жылы болған «Аңырақай шайқасына» қатысты. Қазақ ауыз әдебиетінің, шежіресінің шын қамқоры, тарихшы және этнограф Ә.Диваев пен М.Тынышпаев жазбаларында бұл оқиға Балқаш теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауына таяу жерде, Ит ішпес Алакөл деген көлдің маңында болды дейді. Аңырақай шайқасы – солтүстікте Балқаш, оңтүстікте Отрар даласы, батыста Шу, шығыста Күртіге дейінгі аралықтағы үлкен аймақта өтті. Шайқасқа Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Сіргелі Қаратілеуке, Қарақалпақ Құлашек, Шапырашты Наурызбай, Құдайменді Жібекбай, Сеңгірбай, Шүйкебай, Таңсыққожа, Мамыт, Қасқарауыл Молдабай, Сиқым Қарабатыр, Жаныс Өтеген, Ботпай Сәмен, Шымыр Қойгелді, Ошақты Саурық, Ысты Төлек, Шапырашты Қазыбек, Албан Хангелді, Керей Жәнібек, Қыпшақ Тілеулі, Абақ Керей Жауғашар, Тайлақ, Кете Арал және т.б. батырлар қатысты. Қанжығалы Бөгенбай ірі қолбасшы ретінде танымал болды [6]. Осы шайқас барысында соғыс жүргізудің далалық тәсілдері шебер пайдаланылды. Жауынгерлердік аз ғана тобы жоңғарларға қарсы шығып, қазақ қолының әлсіздігін байқатқандай болады. Олар қорқа қашқан болып, жауларын өз арттарынан ілестіре қазақтардың қалың қолы орналасқан жаққа қарай шегіне берді. Жеңіл жеңіске жетем деген жоңғарларды, тасадағы қазақ әскері жан-жағынан қоршап, қыспаққа алды. Аңырақай шайқасы жоңғарлардың тас-талқан болып талқандалуына алып келді.

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,

Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.

Бұқар жырау[7].

Кейін сол шайқас өткен Далатау төсі жоңғар батыры «Аңырақ өлген жер» делініп жүріп, ақыры «Аңырақай» аталып кетеді. Қазақтар алдын ала белгілегендей, «Үштоғыс» соғысын салады.

Оның мәні: соғысқа бір мың қол кіріп кеткенде, оның артында екі қатар мың қол әрі тың, әрі даяр тұрады.

Алғашқылар бие сауым уақыт соғысып, «қайт» деген әмір алғанда, екінші мың, олар қайтқанда үшінші мың кезек-кезекпен соғысқа кіріп отрады.

Сөйтіп, тың күш қалмақты топалаң тигендей қырады. Бөгенбай мен Қазыбек бұл соғыста 4 мың қолды қосалқы тың ұстайды. Қазақтар жоғарыда атап өткен соғыс тәсілдерін, атап айтқанда, әр жер – әр жерде қаша ұрыс салуды да кең қолданады. Мысалы, Шойбек бастаған қазақ қолы қаша ұрыс салғанда, қашып бара жатыр деп мастанған қалмақ тасада тығылып, аңдып жатқан Сеңкібай қолына ұрынады.

Осындай әдісті Жаныкеш пен Олжабай батырлар бастаған қазақ қолы да қолданады. 1734 жылы Бөгенбай батыр – Абылайдың орта жүз сұлтаны болуын басты қолдаған адамдардың бірі. Сабалақ атпен жасырын жүрген жас төре Шарышпен жекпе-жекпен кейін Абылай атымен Арқаның қалың еліне сұлтан болып келді. Абылайды талай жорықтарға ерте жүріп, батырлық мектебінен өткізген, оның қолбасшы батыры, ақылгөй кеңесшісі болып, мемлекеттік қайраткерлік дәрежесіне ықпал еткен, хан сайлағанда Абылайды хандыққа ұсынған халқымыздың қас батырларының бірі қанжығалы қарт Бөгенбай Қарабалта түбінде қырғыздармен болған айқаста 77 жаста екен, алғашқы ата жауын өлтіргенде 13 жаста. Сонда батыр қазақ қолының басы – қасында 40 жылға тарта уақыт болған. Яғни ғұмырының алпыс жылға жуығын жаугершілік заманда өткерген Бөгенбайдың қазақ халқының бостандық үшін ұзақ жылдар күресінің ұйытқысы ретінде дәріптелуінің тарихи негізі бар.

1740 жылы Ұлытау бөктерінде өткен Қазақ кеңесіне қатысты. Бөгенбай батыр бұл кеңесте қалмаққа ақ үйлі аманат беруден бас тартуға шақырды. Ерлердің уәждерінен кейін Әбілмәмбет хан да, Қаз дауысты Қазыбек те көңілдерінде түйткіл көп болса да, Бөгенбай бастаған батырлардың жағына шықты. «Кемедегінің жаны бір» бұдан былай кеңесіп, бірлесе әрекететуді ұйғарып, ақ қасқа мен көк қасқа сойып, Түркістаннан әдейілеп алдырған қожаларына дұғасын оқытып, қариялары батасын жасап, уәделесті.

Осы мәжілістен кейін Әбілмәмбет, Абылай бастаған топ Орынборға орыстың генералы В.Урусовпен кездесуге аттанды да, Бөгенбай батыр Қаз дауысты Қазыбектің көмегімен елді қалмақтан келер қауіпке қарсы

дайындауға, әскер ұйымдастыруға кірісті. XVIII ғасырдағы қазақ тарихының ең бір ауыр да, белді де оқиғалары осы 1740 жылы өткен Ұлытау кеңесіне бастайтын себебі – осы. 1741 жыл Жоңғариямен соғыс жағдайында өтті. Осы жылдың қара күзінде Бөгенбай батыр қалмақтарға Тобыл бойында соққы берді. Қараөткел тұсында әскердің орталық бөлігімен Абылай қала берді де, Бөгенбай Тобылдың жағасында шеп құрды. Міне, осы жерде Септен тайшы алғашқы соққы алып, «Сүзекінің қолы» атанған қалмақ шабуылы тойтарыс көрді. Бөгенбай батырға Тобыл бойында шеп құру да, оған алдаусыратып Септен тайшыны алып келу де оңайға түскен жоқ.

1742 жылы Ор бекінісінде Ресей басшылығымен кездесті. Абылай сұлтанның қалмақ қолына тұтқынға түсіп қалуы Бөгенбайға да, қазақтың өзге азаматтарына да оңай тиген жоқ. Қарсы шапқан жауын тас-талқан қылатын жауынгер ер қапыда келген іске бола қатты қиналды. Қаз дауысты Қазыбек пен Бөгенбай батырдың 1742 жылдың күзінде Ор бекінісіне баруына да осы оқиға себеп болды.

1742 жылғы кездесуден кейін Ресей мен орта жүз арасындағы ресми қарым-қатынас ұзақ жылдарға тыйылды. Көзі тірісінде не Абылай, не Қазыбек, не Бөгенбай орыстың қазақ жерін қоршап, саңырауқұлақтай қаптап келе жатқан қалаларының біріне де бас сұқпай өтті. 1742 жылғы Ор кездесуі қазақтың кемеңгер басшыларына тек өздерінің күшіне ғана сену керек екенін тағы да ұқтырды.

1752 жылдың жаз айларында Абылай хан ордасындағы мәжілісте Қытайдың қалмақ жеріне енуіне байланысты Қазақ ордасының саясаты айқындалды. Осы мәжілістен кейін Бөгенбай бастаған қалың әскер шекаралық алқапқа тартып кетті.

1753 жылдың күзінде Бөгенбай батыр мен Қабанбай батыр арасында соғыс тактикасына қатысты дау болды. Оның алдында ғана Бөгенбай батыр Сайын Белек пен Үнемкей Жырғал ауылдарын шауып, дүрбіт пен хошеуіт ауылдарын тоздырып жіберді. Бұл әңгімелер Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» кітабында жақсы баяндалған.

Тарихи деректерде Қанжығалы қарт Бөгенбай есімі 1752-1756 жылдары орта жүз бен жоңғарлар арасындағы қарым-қатынастарды баяндайтын архивтік деректерде алғаш рет кездеседі. Бөгенбай батырдың Орынбор генерал-губернаторына 1747 жылы 24 мамыр күні Темеш арқылы жіберген хаты: «Мен Бөгенбай батыр генерал мырзаға денсаулық тілеймін. Сізге мынаны хабарлаймын. Бірнеше сауда жасайтын қырғыздарды (қазақтарды-автор) Темеш басшылығымен жібердім. Ал Арасылан мен Федорды Әбілхайыр хан жібермеді. Кіші Орданың кінәсын бізге жаппаңыздар. Олардың ісіне біздер жауап бере алмаймыз» [8].

1754 жылы бұрын-соңды көрмеген жаңа мәселелер туындады. Қалмақ ордасы біржолата құлап, оның жерін Қытай алатын қауіп күшейді. Қазақ әскері екі бағытта топталып, Алтай мен Тарбағатай арасынан өтетін солтүстік бағытты Бөгенбай батыр бастады. Сондай-ақ Жайық, Жем, Ойыл өзендері бойы мен Ерейментау, Қарқаралы, Аягөз, Түркістан, Шу бойы,

Жетісу өңірі, Қырғыз жерлеріндегі т.б. шайқастарда, 1755 жылғы Талқы асуы үшін болған соғыс. Сол жылы қазақ қосындары Қалмақ-Толағай, Қабырға Базар, Еміл мен Қамар-Дабан арасындағы қалмақ ауылдарын тас-талқан қылды. Қалмақ үдере қашып, Талқының асуынан асып, Құлжаға қарай бағыт алды, оның ар жағында Қытайдың қалың әсер әскері тұр еді. 1755-1758 жылы бірінші рет Шығыс Түркістанға келген қытай әскерімен болған әйгілі Талқы соғысында қытай әскеріне қатты соққы беріп, оларды Үрімжіден асыра қуған Бөгенбай батыр 1761 жылы Абылай ханның ұлы Әділ жүргізген Қытай империясы мен Қазақ хандығы арасындағы дипломатиялық келісімге де бірге барған.

1756 жылы Бөгенбай батыр қазақ-қытай арасындағы шешуші шайқастарға жетекшілік жасады. «Оңтүстік және Солтүстік бағыт» аталатын манчжур нояндары бастаған қытай әскеріне шекаралық алқаптан бастап он бір рет соққы берілді. Осы жылдың күзінде Қарқаралы-Қазылық маңында Жарлы өзенінің бойында ауыр шайқастар болды. Одан әрі қытай қолы Баянауылда, Нияз тауларында Абылай мен Бөгенбай батыр бастаған қазақ қосындарымен күш сынасты. Қытайдың «Батыс бағыт» Дардана бастаған әскері Есілге таяп барып тоқтады. Оларға қарсы Абақ-керей Қожаберген, Қаракерей Қабанбай, Әмірсана қосындары соғысты. Қытай мен Қазақ арасындағы соғыстардың ішіндегі ең атақтысы – Шідерті өзені бойындағы «Шүршіт қырған» соғысы. Бөгенбай бастаған қазақ жасағы қытайды Сарыарқа жеріне екінші рет келместей қылып осы жерде жазалады. Бірнеше ай бойы соғысып, еш нәтиже шықпай, Сарыарқаның сарышұнақ аязына ұрынған қытай көп шығынмен еліне оралды. Император Цяньлун бұл сәтсіздікке қатты намыстанып: алдымен Іле бойында тұрғанда Әмірсанадан айырылып қалды деп әскербасылар Церен мен Юй Баоны өлім жазасына кесті.

1760 жылы қырғыздар Балабөген, Аса, Талас бойында отырып қаптаған дулат пен қоңыраттың ауылдарын шауып, қазақтың қазаны ашулы, әбдіресі шашулы қалды, бейбіт ел қырылды, қыз-келіншек, бала-шағаның бәрі олжаға түсті. Осы оқиғадан кейін Бөгенбай батырға айбалтасын қайта қолына алуына тура келді.

Қырғызбен алғашқы ұрыстар 1760 жылы болды. 1761 жылы Ресей патшасына жазған хатында Абылай ханның айтатыны осы соғыстың нәтижесі: «1760 жылы Ташкент тарапынан ұлы жүзге бардық, содан қырғыз деген жауымызды шаптық. Жаманын қырдық, қалғанын ел қылдық. Ақ үйлі аманат алдық һәм Ташкент, Бұхара, Самарқанда шаһарларының елдері бір үйдің баласындай тұруға уағдаластық». Бөгенбай тәрбиелеген жас батырлардың ішінде бұл соғыста ерлік көрсетіп, аты шыққандар – Әлеке Алтын садақ, Серке, Әлібек, Наурызбай, Төлек, Олжабай палуан, Жаманқара, Абай сияқты қазақтың үш жүзінің ерлері.

1770 жылы қырғыздың Көкжарлы Барақ батыр бастаған қосынды қырып, бастарынан Шу жағасында келте мұнара жасаған оқиғасынан кейін қазақ пен қырғыздың арасындағы ең шешуші айқас болды. Тұра өзенінің бойында

басталып, Қызылсу мен Шәмсінің Шуға құяр сағасына дейін жалғасқан қанды қырғын тарихи шежірелерде «Жәйіл қырғыны» деген атақ алды. Жәйіл қырғыз Әтеке жырықтың қайын атасы, бірнеше ұлымен осы соғысқа қатысып қырылып қалған. Қырғызға қарсы соғыс Бөгенбай батырдың шау тартқан, қартайған кезінде болды. Қазақ сардарының соңғы майданы еді. Бір жағынан азаматтарға ақылшы, ханға кеңесші болайын деп Абылайға ерді. Екінші жағынан екі туыс елдің бітімін көргісі келіп еді. Дәл мұнадай қырғын болды деп ойламаған. Бітім оңайлықпен келген жоқ.

1771 жылы Бөгенбай батыр Абылайды Түркістанда ақ киізге отырғызып, хан сайлауды басқарды. «Шаңды жорық» қазақ батырларының, сайыпқыран ерлерінің басын майдан даласында қосқан соңғы жорық болды. Осыны есепке алып, Бөгенбай жорықтан қайтқан батырларға Абылайды ортаға алып, Түркістанға барамыз деп ханның туының астына жинады.

Бөгенбай батыр мен Бұқар жыру осы жауынгер топты Түркістанға Қожа Ахмет Яссауи жатқан кесенесіне бастады. Ел-жұрт алдын ала естіп, дайындығын жасап жатқан, қазақтың ұлы тойларының бірі Абылай ханды үш жүздің баласы ақ кигізге көтеріп, қазақтың «алтын тағына» отырғызу салтанаты осылай басталған еді. «Қайырусыз жылқы бақтырған, қалыңсыз қатын күштырған, қайғысыз ұйқы ұйықтатқан» заманның басты кейіпкері Абылайды хан тағына Бөгенбай мен Бұқар қолтықтап отырғызды. Екі алыптың қырық жыл бойы жүргізген күресі бір ғана мақсатқа бағытталған еді – қазақтың елдігін, мемлекеттілігін сақтау, жері мен суын сақтау. Осы жер-суға ие болар елдің азаматтарын өсіру, тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай, бала-шағасына қамқор болу.

Енді, Бөгенбайдың бұған дейінгі тағдырына талдау жасасақ, қару алып қарсы шығатын жауларына қарағанда көзге түспей тасадан тас ататындармен күресу, олардың қитұрқы әрекеттеріне қарсы тұру үлкен қиындықтар тудырса керек. Сыртқы жауларға тойтарыс беріп, жеңістің тәтті дәмін татқан, соған ілесе келген мол байлық пен атақ даңқ, қазақ хандарының басын айналдырды. Кезінде қайсарлықпен жаумен арпалысқан батырлар, бейбіт кезеңде қажетсіз болып қалды, тіпті олардың ел ішіне жайылған атақ даңқы, хандардың шамына тиіп, кедергі бола бастады. Соның бірі, Тәукенің өлімінен кейін таққа отырған ұлы Болат болды. Бірақ ол билікте ұзақ отыра алмады, арнайы берілген удан қаза болуы мүмкін. Оның орнына таққа жайғасқан Қайып – Бөгенбайды аса жек көрді. Нәтижесінде Бөгенбай хан қамқорлығынан аластатылып, қазақтарды талай жеңістерге жеткізген жасағынан да айырылды. Ендігі жерде Бөгенбай қандай әрекеттер істеу керегін ұсынса да, айтсада қабылданбай, одан бас тартылды. Бейбіт өмір-салтына көшкен батыр әкесінен алған тәлімін ескере отырып, айналасына темір кенін табуды және өңдеуді меңгеруді игергендерді жинай бастады. 1740 жылдары Әбілмәмбет ханның алдына сарбаздарды қаруландыру, оларды зеңбірек пен оның оқ-дәрісін (ядро) құюды, мылтық дайындауды ұсынған болатын. Бірақ Бөгенбайдың ұсыныстарын мазаққа айналдырып, оны әжуалады. Ауылында ұстахана ашқанда оны «қара мұрын қанжығалы»,

ал кен орындарын білетіндерді жинап, темір кенін қаздырғанда «тас кемірген батыр» деген айдарлар тағылды. Дегенімен, өркөкрек ақсүйектердің тарапынан болған менсінбеушілік пен әжуаларға Бөгенбай қараған да жоқ. тұрғындарды пайдалы және қажетті кәсіпке баулуды тоқтатпады.

Өмірдің өзі бәрін орнына қойды. Абылай хан кезінде қартайғанына қарамастан Бөгенбайдың мол соғыс тәжірибесіне деген қажеттік туындады. Абылай сияқты дарынды және қатал билеушінің ақылман қолбасшысы болды. Бұл туралы академик М.Қозыбаев жазады: «Абылай әскери өнер шеберлігі мектебін жаужүрек Бөгенбай батырдан өтті. Жас Абылай жауына қырғидай тиген бұл батырдың барлық әскери жорықтарына қатысты. Бөгенбай өзінің жас тәлімгерінің ұстазы да, кеңесшісі де бола білді. Қарт сарбаз жас жігіттен болашақ ұлы билеушінің белгілерін аңғарды. Халық хан сайламақ болғанда, Қанжығалы қарт Бөгенбай өз шәкірдінің кандидатурасын еш ойланбастан ұсынған еді»[9].

Батырдан қалған заттар туралы айтсақ, Сайлау Жылқыбаев, Ерейментау аудандық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, ақын, оның айтуы бойынша - батырға қатысты жәдігерлерден бізге жеткендері батырдың ұрпақтарының қолында, әр жерде сақтаулы. Дулығасы Малтабар ауылында тұратын Кенжеәлі немересі Жабай Батырқожаұлының үйінде. Айбалтасы мен кісе белдігі Алматыда тұратын Әлихан Тобайұлы Барлыбаевтың отбасында. Үзеңгісі, төсі, тескіші мен ұңғыруы аудандық тарихи-өлкетану музейінде. Дулығамен бірге батырдың сауыты да болған. Алайда, аумалы-төкпелі заманда, ашаршылық пен түрлі зобалаң кездерінде темірлері таттанып, шіріген. Қалдықтарын жұрт ырымдап, таратып әкетіпті. Қазір шіріндісі де қалмаған.



Аудандық (Ерейментау) тарихи-өлкетану музейіндегі үзеңгі, төсі, тескіш және ұңғыруы / Фото informburo.kz

1775 жылдың жаз мамыр айының ішінде Бөгенбай батыр Торғай өзенінің Сілетіге құятын сағасында қайтыс болды. Ереймендегі Қоржынкөл басындағы қыстауынан Бөгенбай ауылы жазғы жайлауы Сілетіге қарай ақырын көшкен сапары еді.

Батырдың соңғы сапары да жұрт қызыққандай еді. Бөгенбайдың сүйегін алып, Сілеті бойынан аттанған көш Түркістанға дейін қалың елдің қадір-

күрметіне ие болды. Қасиетінен айналайын деп еуразиялық көшпелілердің соңғы ірі қолбасшысының денесі салынған арбаның соңынан жүруші, тәу етуші көп еді, бәрі де Ахмет Яссауи кесенесіне жол тартқан батырдың бір қасиеті ұлдарыма жұғысты болсыншы деп келеді. Батырдың соңында оның атын өмірі тарих бетінен түсірмейтін тамаша жеңістері, істері қалды. Бөгенбай батыр қазақ қолының басы – қасында 40 жылға тарта уақыт болған. Бөгенбай жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болды. Жоғарыда айтқанымыздай, мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи мешітіне жерлеу үшін батырдың денесін таза арулап, былғарыға орап, қыс бойы сөреге қойып сақтаған. 1776 ж. Көктемде баласы Тұраналы мен қанжығалы Айтбай Аткелтірұлы басқарған елдің игі жақсылары батырдың сүйегін нарға теңдеп, Түркістанға жеткізіп, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген. Бөгенбай батырдың денесі сөреге қойылған жер бүгінге дейін Ереймен өңірінде «Бөгенбай сөресі» деп аталды.

Бөгенбай жоңғарларға қарсы 100-ден астам шайқасқа қатысқан. 1726 ж. Бөгенбай бастаған қазақ қолы Бұланты өзенінің бойында қалмақтарға қарсы күйрете соққы берді. 1772 ж. Көктемде Қожаберген басқарған қазақ-татар жасағымен тізе қосып, Бөгенбай бастаған қазақ-ноғай-қарақалпақтың біріккен әскері Нияз, Аюлы тауларының етегінде жоңғарлармен болған шайқаста жеңіске жетті. «Аңырақай шайқасында» Орта жүз қолын басқарған Бөгенбай батыр Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Керей Жәнібек т. б тізе қоса отырып, қазақ елінің тұтастығын сақтап қалауда ерекше ерлік көрсетті. Бөгенбай Жайық, Жем, Ойыл өзендері бойы мен Ерейментау, Қарқаралы, Аягөз, Түркістан, Шу бойы, Жетісу өңірі, Қырғыз жерлеріндегі, және т. б. шайқастарда қол бастаған [10].

Бөгенбай батырдың ерлігін Қожаберген жырау «Елім ай» атты тарихи дастанда жырлап, «Ер Бөгенбай» аталатын қисса арнаған. Бұқар, Үмбетей, Керей Жанкісі, Сегіз сері Шақшақұлы Бөгенбай туралы дастандар шығарған. Бөгенбай батырдың баласы Тұраналы, немересі Бапан би, оның баласы Сәбден (Саққұлақ би) де өз замандарында атақты адамдар болған. 1991 ж. Астана-Павлодар, Ерейментау - Павлодар тоғысқан жол торабында Бөгенбай батырға арнап ескерткіш қойылған. Бөгенбайға көрсетілген құрмет ретінде оның есімі астанамыз Нұр-Сұлтан қаласындағы даңғылға беріліп, ат үстіндегі ескерткіші қойылған, дәл осылай атаулар: Қазақстан Республикасы облыс және аудан орталықтарындағы көшелерге, Ақмола облысындағы Бөгенбай ауылына, Ақмола облысының Степнагорскі қаласындағ дарынды балаларға арналған спорт мектеп – интернатына берілді. 1991 жылдың 25 шілдесінде Ерейментау маңайында Бөгенбай батырдың 300 жылдық мерей тойы атап өтілді. 2007 жылы Астана қаласында Бөгенбай батыр және Сарыарқа даңғылдарының қиылысында биіктігі 11 метрлік батырға арналған қола ескерткіш орнатылды. Ал, 2009 жылы Ерейментауда батырға атты ескерткіштің тұсау кесері болды. Қазіргі таңда, өнер мен әдебиет саласында Бөгенбайға арналған шығармалар баршылық: поэмалар – Бұқар жыраудың «Абылай ханға Бөгенбай батырдың қазасын естірту»; Үмбетей жыраудың

«Бөгенбайдың өліміне». Ә.Әлімжановтың «Жаушы» (1969) романы, І.Есенберлиннің «Көшпенділер трилогиясы (1973). «Жаужүрек мың бала» драмасы (2011) Казахфильм (Бөгенбай батыр ролінде – Болат Абділманов); «Өрлік дастаны» жинағындағы – «Бөгенбай батыр» анимациялық фильмі (2010) «Алматы» телеарнасы, «Бөгенбай батыр» құжаттық фильмі, «Жаушы (Гонцы спешат)» драмасы (2011) Казахфильм (Бөгенбай батыр ролінде – Ыдырыс Ноғайбаев).

Бөгенбай батырға көптеген ақын – жыраулар өз шығармаларын арнаған:

Қас батырым Бөгенбай,

Аспандағы қырандай,

Жауға талай шүйілдің.

Азат етіп елңді,

Ен биіктен көрңдің.

Бұқар жырау.

Бабадан Қожаберген бата алған,

Бөгенбай Қанжығалы сардар болған.

Ел қорғап, қамал бұзып, даңқы шығып,

Оған да бақыт пенен аруақ қонған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,

Жігіттік ерлікті айтсаң, Бөгенбайды айт!

Тәттіқара жырау.

Сүйеуге арқа жарайды,

Мынау көрші орысың.

Сәтсіздеу боп тынып тұр,

Боғда ханмен соғысың.

Тұрпанды шапқан Бөгенбай,

Жаратамын сол ісін!

Батыр аңғырт десек те,

Көрсеткендей ел күшін!..

Қазыбек бидің Абылай ханға айтқаны.

XVIII ғасыр батырларының бар тағдырын азат өмірді, қалың елдің бейбіт болашағын аянбай қорғауға арнаған ерлігі мен жүректілігі, намысқойлығы мен қарапайымдылығы, қайраты мен ақылының көп мүддесіне қалтқысыз бағышталғандығы олардың даңқын асырды. Себебі, батырлар жерін жатқа басындырмауды басты мұрат етіп, ізгілік пен еркіндіктің туын көтеріп, азат рухты, тәуелсіз елдікті көкседі. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасы тұсындағы Абылай сарбаздарының ішіндегі ерекше дарынды тұлға, ел басына екі талай күн туып, ердің ерлігі сыналар қиын шақта қайратқа қайрат жанып, қылыш пен семсерді қатар сермеуге, білек күшін, жүрек күшін

қоса жұмсаған қас батыр Бөгенбай Ақмола мен Көкшетау аралығындағы Ереймен жерін мекен еткен.

Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жоңғар шапқыншыларына қарсы шайқастардағы Бөгенбай батырдың ерліктері оны қазақ халқының ең ардақты ұлдарының қатарына қосты, отансүйгіштік пен қайсарлықтың жарқын үлгісіне айналдырды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР:

1. Гавердовский Я.П. Обозрение киргиз-кайсацкой степи, ч. II // Архив Ленинградского отделения института истории России. Коллекция 115. № 495. Л. 84-85.).
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық.- Алматы. 1998. Т.3.128 бет.
3. Л.Мейер. Киргизская степь Оренбургского ведомства.СПб., 1865. -5 б.
4. Казахско-русские отношения в XVI - XVIII вв. А.; 1961, т.1, 385 бет.
5. К истории каракалпаков XVIII в. // Красный архив. 1938, № 6, 245 – б.
6. Қобландин Қ.И. Ер есімі ел есінде // Қазақ халқының XVIII ғ. 1 жартысындағы өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін азаттық күресі. Целиноград, 1994. 41-46 бб.
7. Бес ғасыр жырлайды.2 томдық/ Құраст.: Мағаун М., Байділдаев Б.М. – Алматы, 1989. - Т.1. 100 б.
8. Орынбор облысының мемлекеттік архиві. 122 қор, 1 тізбе.3 іс . 147 пп.
9. Козыбаев М.К. Избранные труды. В двух томах. Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015. – 304 б.
10. Крафт И.И. Сборник узаконений киргизских степных областей. Оренбург, 1898.

ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДАҒЫ «ЖАҢА БАҒЫТТЫ» ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Шамшиденова Ф.М.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
ғылымдарының кандидаты, доценті

Қазіргі тарихнамадағы «жаңа бағытты» ХХ ғ. 60-жж. бастап бірнеше ірі топқа бөлуге болады. Жалпы «жаңа бағыттың» ерекшелігін сипаттағанда бес бағытты бөліп көрсетеміз:

1) 1960-1980-жж. кеңестік тарих ғылымына жалпы сипаттама жасалды немесе жеке мәселелер бойынша тарихнамалық талдау жасалған болатын. Мысалы, ХХ ғ. басында өнеркәсіптің дамуы (Коротков, 2011), көп укладтылық туориясының (Гаврилов, 2003) ерекшеліктері туралы пікірталастарды атауға болады.

2) «жаңа бағыт» тарихшыларының зерттеу бағыттарының қалыптасу алғы шарттары, мәселелер және олардың құрамы, жалпы белгілері (Поликарпов, 1996). Онда кеңестік тарихнамадағы осы бағыттың нақты мәліметтері келтірілген.

3) Осы қозғалыстың жеке өкілдеріне арналған мақалалар. Бұл топтағы жұмыстар көп. Тарихшының өмірбаяны, жеке қасиеттері, ғылыми нысандары